



Бекітемін
Басқарушы (төраға) директоры:
М.Саметов

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие
бағдарламасы аясында сынып
жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің
отырысының жоспары**

2025-2026 оқу жылы

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілердің
әдістемелік бірлестігінің отырысының жоспары**

2025-2026 оқу жылы

p/c	Әдістемелік іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I-отырыс			
1	Жаңа оқу жылындағы тәрбиелеті ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы бірлестік жетекшілеріне тағайындау	Тамыз	ӘБЖ Ж.Сальменова
2	Сынып жетекшілер бірлестік жетекшісімен сынып жетекшілерді бөліп тағайындау және міндеттерімен таныстыру	Қыркүйек	ДТІЖО ӘБЖ Ж.Сальменова
3	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын талқылап бекіту	Қыркүйек	ДТІЖО ӘБЖ Ж.Сальменова Сынып жетекшілер
4	Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін тәрбие сағаттар санын ескерту , сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қалыптау ішкі тәртіп ережелері	Қыркүйек	ДТІЖО Ж.Сальменова Медбике
II-отырыс			
1	«Сынып жетекшілер нені білу керек» баяндама	Қараша	ДТІЖО Қ.Айкузов
2	1-желтоқсан ЖИТС-ға қарсы күрес	Желтоқсан	Сынып жетекшілер ӘБЖ: Ж.Сальменова Медбике
3	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жас Ұлан» балалар ұйымының бағыттарымен жұмысы	15-желтоқсан	Тәлімгер Сынып жетекшілер
4	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы	Жыл бойы	Сынып жетекшілер ӘБЖ
5	Оқушылардың уақытты тиімді пайдалану максатында, үйірме жұмыстарына қатысуын қамтамасыз ету	Оқу жылы барысында	Сынып жетекшілер ҚББП ӘБЖ: Ж.Сальменова
6	«Сынып жетекші 2025» байқауына қатысу	Қажет кезінде	ДТІЖО ӘБЖ: Ж.Сальменова Сынып жетекшілер
7	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша оқушыларды кітап оқуға бейімдеу	Желтоқсан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер ӘБЖ Ж.Сальменова
8	Оқушыларды демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен таныстырап отыру	Желтоқсан	ДТІЖО ӘБЖ: Ж.Сальменова Сынып жетекшілер
III-отырыс			
1	Сынып жетекшісі оның міндеттерімен жұмысының мазмұны баяндама	Қаңтар	ӘБЖ: Ж.Сальменова
2	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы	Қаңтар	ДТІЖО ӘБЖ: Ж.Сальменова Сынып жетекшілер

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы
Хаттама №1

2025 жыл 25 тамыз

Аққұм ауылы

Жиналыс төрайымы: Ж.Сальменова

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Қ.Айкузов

Хатшы: С.Қалдарбекова

Жиналысқа 21 сынып жетекшісі қатысты

Қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы және бірлестік жетекшілеріне тағайындау
2. Сынып жетекшілер бірлестік жетекшісімен сынып жетекшілерді бөліп тағайындау және міндеттерімен таныстыру
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын талқылап бекіту
4. Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін тәрбие сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелері

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін алған директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Қ.Айкузов 2025-2026 жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие тұжырымдамасы өзгергендігін, тәрбие жұмысы келесідей 3-таған 6- құндылықпен тәрбие жұмысы жүргізілетіндігі, жалпы мектепте 1-дәйрлік топпен 21 сынып болып әр сыныпқа сынып жетекшілер тағайындалғанын, арнайы тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізу керектігі айтылды. Сонымен қатар мектеп формасы бір келкі ережеге сай болу керектігін, мектепшілік ішкі тәртіпті оқушылардың бойына сіңірі, жалпы мектеп тәртібіне оқушыларды бейімдеу керектігін нақты айтып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқталып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сынып, 10-11 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлап, сынып жетекшілерді жаңа оқу жылыменен құттықтап табыстар тіледі.

Келесі сөз кезегін алған ӘБЖ Ж.Сальменова жаңа оқу жылындағы жалпы тәрбие саласы бойынша енгізілген –өгерістерді жүзеге асыру, көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау керектігін оқушылардың бойына сіңіру керектігін жеткізді

Қаулы

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы және бірлестік жетекшілеріне тағайындау туралы
2. Сынып жетекшілер бірлестік жетекшісімен сынып жетекшілерді бөліп тағайындау және міндеттерімен таныстыру туралы
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын талқылап бекіту туралы
4. Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін тәрбие сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелері туралы өткізілген сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысына қанағатанарлық деген баға берілсін.

Жиналыс төрайымы:

Ж.Сальменова

Хатшы:

Ә.Сахаев



Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 жаңа оқу жылы бойынша «МЕКТЕП
ПЕН ОТБАСЫ: АДАЛ ӘРІ ЖАУАПТЫ АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӨЗАРА
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» мектеп пен ата-аналар комитетінің ынтымақтастығын арттырудың
жолдары туралы ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1

Аққум ауылы

17.09.2025ж

Төрағасы: Қ.Айкузов

Хатшы: Ә.Сахаев

Жиналысқа қатысқандар: Ұстаздар, ата-аналар оқушылар

Қаралатын мәселе

1. Мектеп пен ата-аналар комитетінің ынтымақтастығын арттырудың жолдары туралы.
2. Мектеп ата-аналар комитетінің қызметін үйлестірудің ерекшеліктері туралы.
3. Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау туралы.
4. Әр түрлі мәселелер

Күн тәртібі: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бірлесіп іске асыратын жағымды орта қалыптастыру

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін алған ДТЖО Қ.Айкузов «МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ: АДАЛ ӘРІ ЖАУАПТЫ АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» мектеп пен ата-аналар комитетінің ынтымақтастығын арттырудың жолдары туралы ата-аналар жиналысында бірінші мәселе бойынша Жаңа оқу жылындағы «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – әділетті, жауапкершілікті, еңбекқор және отаншыл ұрпақ тәрбиелеудің негізі. Баланың адал азамат болып өсуі үшін мектеппен бірге отбасы мен қоғамның белсенді қатысуы қажет, өйткені бала – тек отбасының ғана емес, мемлекетіміздің болашағы. Халықаралық PIRLS 2021 және TIMSS 2023 зерттеулері көрсеткендей, баланың оқу үлгерімі мен өмірлік табысы үшін мектеппен бірге отбасының белсенді араласуы шешуші мәнге ие. Мектептің тәрбиесі тиімді болуы үшін отбасы мен мектептің талаптары бірлікте болуы қажет; бала үйде де, мектепте де бірыңғай талап көрсе, саналы әрі тәртіпті тұлға болып қалыптасады. Ата-аналар комитетін трансформациялау. Биылдан бастап комитет жұмысы трансформацияланып, ата-аналар тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына айналады. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» клубы ай сайын бала тәрбиесіне арналған сабақтар, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырып, ата-аналарды белсенді қатысуға шақырады. Баланың өмірлік қауіпсіздігі – ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі болып табылады, сондықтан мектеп апта сайын «Қауіпсіздік сабағын» өткізсе, үйде де балаға сақтық ережелері үнемі түсіндіріліп отыруы қажет. Баланы үйде жалғыз қалдырмау және түнде сыртқа шығуына тыйым салу, скутер, мафет, көлік айдамауды және мектеп формасын үнемі қадағалау - ата-ананың тікелей міндеті, өйткені қамқорлық қауіпсіздіктен басталады. Баланың психикалық жағдайы оның оқу үлгерімі мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді, сондықтан кез келген сұрақ туындағанда мектеп психологтары мен Психологиялық қолдау орталықтарының көмегіне жүгіну қажет. Өңірлерде Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер ата-аналарға бала құқықтары бойынша ақпарат пен қолдау көрсетеді, бұл қажетті мамандардан кеңес алуға мүмкіндік беретіндігін айтып өткендігін жеткізді. Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау туралы ата-аналар жиналысында ортада талқыланып, комитет төрағасына үміткерлер ұсыныс білдірмегендігін талқылау нәтижесінде Жұмалиев Құлажан Өсербайұлының тағайындалып, мүшелері: Суртасева Алтынай, Арыкова Мысқал, Өтенова Перизат ата-аналарды атап айттып сөзін аяқтады

Келесі сөз кезегін алған СЖБ-жектегіші Ж.Сальменова Бала тәрбиесі — ортақ міндет, сондықтан ата-аналар комитеті мен мүшелерінің белсенділігі қазіргі заман талабына сай болуы қажет. Ата-аналар комитеті мектеп пен отбасының тәрбиелік бірлігін қамтамасыз етіп, білім сапасын арттыру мен балалардың қауіпсіздігіне жауап береді; жоспарлы жиналыстар мен кездесулер бұл ынтымақтастықты нығайтады. Соңғы бес жыл ішінде бала тәрбиесіне немқұрайлы қарағаны үшін ата-аналарға қатысты жекпе-жек жауапкершілікке тарту фактілері 35 есеге артқан. Бұл отбасындағы

бақылаудың әлсірегенін және ата-аналық міндеттердің толық орындалмай жатқанын аңғартады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 449- бабына сәйкес, 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін кәмелетке толмаған балаға ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүруінсіз көшеде немесе қоғамдық орындарда жүруіне тыйым салынады. Материалдық көрсеткіштер мен сән-салтанатқа мән беру балалардың қарапайымдылық пен құндылықтарды түсінуіне кедергі келтіреді, сондықтан ата-аналар тек тәрбиеге үлгі болуы керек. Мектепте ақша жинауға жол берілмейді, ал ата-аналар ысырапшылдыққа жол бермеуі тиіс. Мектеп бітіру кештері мен балаларға арналған мерекелерден кейінгі қымбат отырыстар ұйымдастыруға рұқсат жоқ, ата-аналар комитеті осы мәселелердің алдын алу үшін белсенді әрекет етуі қажет. Бала материалдық байлықты емес, адами құндылықтарды, ғылым мен білімді ұлықтауы үшін өз үлгінегіміз арқылы тәрбиелеуіміз қажет. Мектептің «Адал азамат» бағдарламасы аясында ұлттық киім, отбасы дәстүрлері, әке мен ананың рөлі туралы ісшаралар ұйымдастырылып, балаларға патриотизм мен рухани құндылықтарды арттыруға бағытталған. Қамқоршылық кеңес пен бракераждық комиссия атааналардың қатысуымен мектеп өмірінің сапасын жақсартуға, білім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. PIRLS зерттеуі көрсеткендей, ата-ананың кітап оқуға қызығушылығы бала білімінің сапасына әсер етеді; «Балалар кітапханасы» жобасы арқылы ортақ оқу дағдыларын дамыту маңызды. Мамандық таңдау кезеңінде ата-ананың қолдауы, кәсіби бағыт беру және мамандармен кездесулерге қатысу баланың дұрыс таңдау жасауына көмектеседі.

Негізгі талап: бала тәрбиесінде мектеп пен ата-ананың бірлікте әрекет етуі, бірдей талаптар қоюы және құндылықтар бойынша ортақ көзқарас қалыптастыру.

Сынып жетекшісі қозғайтын негізгі мәселелер: Балалардың интернет пен мектептегі қауіпсіздігі – басты мәселе; әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар балаларға әсер етеді, бірақ оларды кибербуллинг пен қауіпті контенттен қорғау қажет. Буллинг – психологиялық әсері күшті құбылыс. Бұл жағдайда мазасыздық, қорқыныш, ұйқысыздық, оқу үлгерімінің төмендеуі және жалғыздық белгілері байқалуы мүмкін. Балада үрей немесе қорқыныш байқалса:

- Тыңдап, ашық сөйлесуге мүмкіндік беріңіз.
- Жағдайын жасырса, кінәламаңыз және жазаламаңыз.
- Қажет болса, мектеп психологы немесе Психологиялық қолдау орталығына жүгініңіз.
- Қауіп төнген жағдайда мектеп әкімшілігіне немесе ювеналды полицияға хабарлаңыз.

Күн сайын кемінде 15 минут балаңызбен ашық сөйлесіп, қамқорлық пен сенім үлгісін көрсету маңызды. Ата-аналар комитеті сынып жетекшілерге оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және әртүрлі бастамаларды іске асыруға ынтамен қолдау көрсетуі керек. Ата-ана чатында тек оқу мен тәрбиеге қатысты мәселелер көтеріліп, ұстаздарға деген құрмет пен позитивті көзқарас сақталуы маңызды. Туындаған жекелеген сұрақтарды ортақ чатта емес, сынып жетекшімен жеке байланыс арқылы шешілуі тиіс. Ата-ана баланың таза, ұқыпты формада келуін қадағалап, ұлттық нақыштағы киімге қолдау көрсетуі жас ұрпақтың дәстүрге құрметін арттырады.

Баланың үлгерімі мен тәртібі отбасындағы талапқа да байланысты: ата-ана үй тапсырмасын бақылап, мұғаліммен байланыста болып, жазалаудан гөрі бағыт беріп, жетістігін 9 мадақтаса – жауапкершілігі мен оқуға қызығушылығы күшейетіндігі туралы баяндама оқығандығын жеткізді.

Шешім:

1. Мектеп пен ата-аналар комитетінің ынтымақтастығын арттырудың жолдары жүсеге асырылсын
2. Мектеп ата-аналар комитетінің қызметін үйлестірудің ерекшеліктері жандандырылсын
3. Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау талқылауының нәтижесімен Жұмалиев Құлажан Өсербайұлының тағайындалсын

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бірлесіп іске асыратын жағымды орта қалыптастыру және әр түрлі мәселелер бойынша ұйымдастырылған ата-аналар жиналысында күн тәртібіндегі мәселердің жан -жақты талқыланып, өз дәрежесінде өткізілгендігіне қанағаттанарлақ денген баға берілсін.

Төраға:  Қ.Айкузов

Хатшы:  Ә.Сахаева



Векітемін:

Мектеп директоры:

М.Саметов

***Қ.Тыныбеков атындағы жалпы орта білім беретін
мектебінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие
бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылындағы сынып
жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс
жоспары***



Жетекшісі: Ж.Сальменова

2025-2026 оқу жылы

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жоспары

р/с	Берілген шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Әдістемелік мүшелерінің жиналысы	Тамыз	ДТІЖО Ж.Сальменова
2	Бірлестік жетекшілерінің өткен оқу жылына есебі	Тамыз	Ж.Сальменова
3	Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы	Қыркүйек	ДТІЖО Ж.Сальменова
4	Сынып жетекшілерінің іс-құжаттары, тәрбие жоспарын талқылап бекіту	Қыркүйек	ДТІЖО Ж.Сальменова
5	Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін сағаттар санын ескерту	Қыркүйек	ДТІЖО Ж.Сальменова
6	Тұрмысы нашар отбасы балаларын анықтап, тізімін алу	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Ж.Сальменова Әлеуметтік педагог
7	Оқушыларды «Жас Ұлан» ұйымына мүшелікке қабылдау	Қазан	Ж.Сальменова Тәлімгер
8	Әр тоқсан соңында бірлестік жетекшілерінің есебі өткізілген шараларды қортындылау	Тоқсан соңында	Ж.Сальменова
9	«Сынып жетекшілер нені білу қажет?» баяндама	Қараша	Мырзабек Әйгерім
10	Оқушылардың күнделігінің жүргізілу жайы туралы мағлұмат беру	Жыл бойы	Сынып жетекшілер ӘБЖ
11	«Жас Ұлан» балалар ұйымының бағыттарымен жұмыс	Желтоқсан	Тәлімгер Сынып жетекшілер
12	Оқушыларды демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен таныстырап отыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
13	Оқушылардың уақытты тиімді пайдалану мақсатында, үйірме жұмыстарына қатысуын қамтамасыз ету	Оқу жылы барысында	Сынып жетекшілер ҚББП
14	Сынып жетекшісі оның міндеттерімен жұмысының мазмұны баяндама	Қаңтар	С.Жумалиева
15	Қысқы қауіпсіздік ережелерін түсіндірі	Қаңтар	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер
16	Мектеп ауласына, сынып бөлмелеріне тазалық жүргізу, сенбілік өткізу барысында ат салысу	Оқу жылы ішінде	Мектеп әкімшілігі
17	Сынып жетекшілерінің жұмысын диагностика тұрғысынан бағалау	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
18	«Соңғы қоңырау-2026» салтанатты жиынға ат салысу	25-мамыр	Мектеп әкімшілігі
19	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру қатысуын қамтамасыз ету	Мамыр маусым	Әлеуметтік педагог Пед ұйымд
20	Оқушылар формасын, тәрбие сағаттарының сапалы өтуін үнемі қадағалау	Күнделікті талап етіп отыру	Сынып жетекшілер ӘБЖ

Түзген:



Ж.Сальменова

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы
Хаттама №1

2025 жыл 25 тамыз

Ақкүм ауылы

Жиналыс төрайымы: Ж.Сальменова

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Қ.Айкузов

Хатшы: С.Қалдарбекова

Жиналысқа 21 сынып жетекшісі қатысты

Қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы және бірлестік жетекшілеріне тағайындау
2. Сынып жетекшілер бірлестік жетекшісімен сынып жетекшілерді бөліп тағайындау және міндеттерімен таныстыру
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын талқылап бекіту
4. Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін тәрбие сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелері

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін алған директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Қ.Айкузов 2025-2026 жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие тұжырымдамасы өзгергендігін, тәрбие жұмысы келесідей 3-таған 6- құндылықпен тәрбие жұмысы жүргізілетіндігі, жалпы мектепте 1-дәрілік топпен 21 сынып болып әр сыныпқа сынып жетекшілер тағайындалғанын, арнайы тәрбие жоспарымен жұмыс жүргізу керектігі айтылды. Сонымен қатар мектеп формасы бір келкі ережеге сай болу керектігін, мектепшілік ішкі тәртіпті оқушылардың бойына сіңдірі, жалпы мектеп тәртібіне оқушыларды бейімдеу керектігін нақты айтып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқатлып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сынып, 10-11 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлап, сынып жетекшілерді жаңа оқу жылыменен құттықтап табыстар тіледі.

Келесі сөз кезегін алған ӘБЖ Ж.Сальменова жаңа оқу жылындағы жалпы тәрбие саласы бойынша енгізілген –өгерістерді жүзеге асыру, көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау керектігін оқушылардың бойына сіңіру керектігін жеткізді

Қаулы

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іске асырылуы және бірлестік жетекшілеріне тағайындау туралы
2. Сынып жетекшілер бірлестік жетекшісімен сынып жетекшілерді бөліп тағайындау және міндеттерімен таныстыру туралы
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын талқылап бекіту туралы
4. Көшеде жүру, денсаулық сабағы, қауіпсіздік ережелерін тәрбие сағаттар санын ескерту, сынып бұрышын ұйымдастыру және мектеп формасын, тазалығын қадағалау ішкі тәртіп ережелері туралы өткізілген сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысына қанағатанарлық деген баға берілсін.

Жиналыс төрайымы:

 Ж.Сальменова

Хатшы:

 Ә.Сахаев